

Қазақ жеріндегі алғашқы мектептер

Халыққа білім беру, оны мемлекеттік тұрғыда ұйымдастыру ісі Қазақстанда XVIII ғасырдың аяғында басталады. Аталмыш шара патша үкіметі тарапынан екі бағытта жүргізіледі.



1. Үкіметтің отарлау, қоныстандыру саясатына орай қазақ жеріне ағылып келген қоныс аударушыларды мектептермен, арнаулы оқу орындарымен қамтамасыз ету.



2. Жергілікті халыққа белгілі мөлшерде білім беру арқылы кеңселерде іс жүргізушілер, аудармашылар, халық арасында патша саясатын насихаттаушылар дайындау.


Қазақ жерінде мектеп ашудың, жергілікті халықты жаппай білімге тартудың қажеттігін сол кездегі қазақ даласын зерттеуші орыс ғалымдары айрықша атап көрсетеді. Мысалы, «қазақ халқының Геродоты» атанған А.И.Левшин «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен далаларының сипаттамасы» еңбегінде:




«...Құранды арабша ұғатын қырғыз үлкен ақыл иесі болып есептеледі. Өз тілінде, яғни татар тілінде оқып, жаза алатын әр қырғыз кемеңгер ретінде көрінеді, жалпы олар хат танымайды. Хандар, сұлтандар, билер де осындай дәрежеде. Олар өз жандарында сауатты іс жүргізуші, аудармашы ретінде молдалар ұстайды»

XIX ғасырдың басында казак өлкесінде бірнеше оқу орындары ашылады. 1813 жылы патша жарлығымен Омбыда құрылған әскери училище 1847 жылы Сібір кадет корпусы болып аты өзгертіледі. 1825 жылы дүниеге келген Орынбор әскери училищесі 1844 жылы кадет корпусына айналады. Бірақ бұларға сұлтандар мен билердің, байлардың балалары қабылданады.





1850 жылы 22-тамызда Орынборда тұңғыш 7 жылдық қазақ мектебі ашылады. Мұнда келешекте ауылда ашылатын мектептер үшін мұғалімдер даярлайды. Болашақ ұстаздарға орыс, қазақ, татар тілдері, арифметика, география, тарих пәндері үйретіледі. Осы мектепті 1857 жылы Ы.Алтынсарин үздік бағамен бітіріп шыққан. Бар-жоғы 19 жыл жұмыс істеген мектептен 48 адам мамандық алып, көпшілігі қызмет атқарған.



1888 жылғы №67 «Сібір хабаршысы» газетіндегі «Семей облысы Өскемен уезіндегі халыққа білім беру жағдайы» деген мақалада «Халыққа білім беру саласында Өскемен уезі қанағаттанғысыз жағдайда. Бүкіл уезді құрайтын 11 қазақ болыстығында бір ғана ауыл шаруашылық мектебі жұмыс істейді. Оқушылар саны 8-10-нан аспайды. Аталған мектепте ауыл шаруашылығы негіздерінен басқа негізгі пәндер оқытылмайтындықтан қазақтар бұл мектепке балаларын бергісі келмейді» деп жазады.

- Қазақ ауылдарында ХІХ ғасырда мұсылман, татар мектептері де ашылады. Мысалы, Қарқаралы округіндегі 23 мұсылман мектебінде 412 оқушы білім алса, Семей округіндегі мешіт жанындағы 8 мектепте 1865 жылы 420 ер, 280 қыз бала оқиды.

XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстанда ана тілінде сабақ беретін ауыл мектептері ашыла бастайды.

Оның алғашқысы 1902 жылы 15-қыркүйекте Зайсан уезі Ақсуат болысында жұмысын бастайды.

Мұндай мектептер Нарын, Себе, Қалба ауылдарында да ашылады.

Алайда осыдан кейін өлкелік ауыл мектептері ашылмайды.

1905 жылғы мәлімет бойынша 600 мың адамы бар Семейдегі ауыл мектептерінде бар-жоғы 509 оқушы оқиды.

Халықшыл С.П.Швецовтың айтуынша осы ғасырдың 80-жылдарында Семей облысындағы 15 ауылдық қазақ мектебінде 798 ұл, 20 қыз бала білім алған.




Ол былай дейді:
«Мектептерде ешқандай сынып бөлмелері, қажетті құралдар жоқ.
Халықшылдардың зерттеуінше Павлодардағы үш сыныпты қалалық училище бөлмелері үй астындағы қоймаларға орналасқан, үнемі жаңбыр өтіп кетеді. Әйелдер училищесінде де жағдай осындай, бөлмелері тар, жарық жетіспейді».


Медреселердің пайда болу тарихы VIII ғасырдан, өлкеде ислам діні мен араб жазуы таралған кезден басталады.

Басқа аймақтардағы сияқты, Қазақстанда да медреселердің пайда болуы мен дамуының тарихы ислам дінінің таралуымен және мешіттер салынуымен тығыз байланысты.


Медреседегі оқу үш сатыға – төменгі, орта және жоғары сатыларға бөлініп, 9-12 жылға созылған. Оқу бағдарламаларына пәндердің мынадай топтары енген:




2) Дін ілімі мен заңтану – Құранның мазмұны мен маңызы, құқық, діни ережелер, мұраны бөлу тәртібі туралы ілім



1) Араб тілі – грамматика, морфология, синтаксис, этимология, араб риторикасы, араб тарихы, Құран оқу туралы ғылым және мәдени-ғылыми пікірсайыстар



3) философия, логика, математика, география, астрономия, жаратылыстану ғылымы



XIX ғасырдың соңына қарай қалыптаса бастаған жаңа үлгідегі мектептер мен медреселер 1905-1915 жылдар аралығында елде кең қанат жаяды. Бұрынғы әріп жаттататын, сөзді буын-буынға бөліп, дауыстап оқытатын әдіс келмеске кетіп, мектептер қайта ұйымдастырылып, таза діни конфессионалдық мазмұнынан арыла тседі, жалпы азаматтық білім беру сипатындағы пәндер енгізіле бастайды. Дін ілімі басты пән саналса да, оған қоса ана тілі, арифметика, жаратылыстану пәндері кеңінен оқытылады.

Медреселердің екі үлгісі

Дәстүрлі ескі әдіс

Дін басылары мен мешіт қызметшілері даярланады. Жалпы азаматтық білім беретін пәндерді оқытуға онша көп көңіл бөлінбеді.

Жаңа тәіл

Жаңа үлгілеріне елеулі ерекшеліктер енгізілді: оларда дін ілімін, қасиетті кітаптарды оқытумен қатар деңгейі гимназияның 4 сыныбы болатын жалпы азаматтық білім беру пәндері оқытылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

Қарасаев Ғ. Қазақ жеріндегі тұңғыш мектептер:
[XIX–XX ғ.ғ. Қазақстан жерінде, соның ішінде Шығыс
өңірінде ағарту мен мектеп ашу ісінің тарихы] //Қазақ
тарихы. – 1999. №4–5. – 31–34б.

Қапаева А. Қазақстандағы медреселер мен мектептер
//Қазақ тарихы. – 2001. №1. – 53–57б.

- Орындаған:
- Жұмабекова Назира
- КЗ-3 тобы